

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілеріне, жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2010 жылғы 14 қаңтардағы № 134 шешімі. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 ақпанда № 9-6-104 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 16 қазандағы № 169 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 16.10.2013 № 169 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы "Еңбек кодексінің" 238-бабын орындау үшін, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілеріне, қалалық жағдайда қызметтің осы түрімен айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессия төрағасы

Ж. Қожахметов

Аудандық мәслихат хатшысы

Ж. Оташев

КЕЛІСІЛДІ:

"Аманкелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Т.Карбозов

14 қаңтар 2010 жыл

